

Қаралды: 

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Baby City» балабақшасы
Топ: «Ақжелкен» ересек жас тобы
Балалардың жасы: 4 жастан бастап
Жоспардың құрылу кезеңі: 20.03.- 24.03.2023 жыл наурыз айы
2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 20.03.2023	Жұма 24.03.2023
Балаларды қабылдау	Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Мақсаты: дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. (салауатты өмір салтын қалыптастыру - физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту)	
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Кеңес: «Дәрумендердің денсаулығымызға пайдасы» Мақсаты: тамақтану тәртібін сақтаудың және көкөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру. (физикалық қасиеттерді дамыту)	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Не артық?» Мақсаты: Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. Қоршаған ортадағы заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. (математика негіздері- танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту, сөйлеуді дамыту)	«Мамандықтың бәрі жақсы...» Мақсаты: Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Таныс әндерді орындауда әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Әртүрлі пішіндегі заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін, қысу тәсілдермен мүсіндеу. (термометр) (сөйлеуді дамыту- коммуникативтік дағдыларды дамыту музыка****, мүсіндеу- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар. Мақсаты: баланың денсаулығын сақтау және нығайту, дене шынықтыруға қызығушылықты арттыру, денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, қимыл-қозғалыс тәжірибесін байыту. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. (жалпы дамытушы жаттығулар-физикалық қасиеттерді дамыту)	
Таңғы ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Мақсаты: тамақты асықпай шайнау, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. (мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру -физикалық қасиеттерді дамыту)	

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Ертегіде қонақта» Мақсаты: Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру; еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. Музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Ермексаздан әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу тәсілдерімен мүсіндеу.(күнді мүсіндеу) (көркем әдебиет- коммуникативтік дағдыларды дамыту, мүсіндеу,музыка****- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)	«Менің үйім» Мақсаты: Туыстық қарым-қатынасты («сінді», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен»,«бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету; құрылыс материалдарынан, «лег» конструкторлардан құрас тыру. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. (қоршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қазақ тілі***,көркем әдебиет- коммуникативтік дағдыларды дамыту, құрастыру- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Қазақ тілі Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.	Музыка Музыка тыңдау: «Айжан қыз» Құрманғазы Сағырбаев.Күй тыңдау. Ән айту: «Көктем» Е. Матвиенко, Ән: «Наурыз» А. Досмағамбетов Музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету Музыкалық аспаптарда ойнау: «Бипл» (асатаяк) қарапайым әуендерді ойнау. Музыкалық-дидактикалық ойын: «түрлі көңіл-күйде» би қимылдары: «Қамажай» «Пьеса» В. Семенов Би қимылдарын жеңіл, ырғақты жүгіру.
2-таңғы ас	Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Мақсаты: дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру. (салауатты өмір салтын қалыптастыру -физикалық қасиеттерді дамыту)	
Серуенге дайындық	Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.Мақсаты: өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну, суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту. Балаларды өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру-физикалық қасиеттерді дамыту)	
Серуен	1.Көктемгі өзгерісті бақылау Мақсаты: Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылау, әңгімелеу; (қардың еруі, суға айналуы; жердің балшық болуы, күннің жылынуы) (қарым-қатынас әрекеті)` (қоршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру) 2.Еңбек: шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау. (еңбекке баулу) 3.Қимылды ойын: «Күн мен түн» Мақсаты:қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. 4.Жеке жұмыс: Мақсаты: қоршаған ортадағы табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Аят,Амир 5.Еркін ойындар. (физикалық қасиеттерді дамыту)	1.Желді бақылау Мақсаты: табиғат ерекшеліктерін әңгімелеу. Желдің бағытын бақылауға, жанды, жансыз табиғат иелерін (күн, су, ауа, топырақ) ажыратуға үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру) 2.Еңбек: ойын алаңында тазалыққа үйрету. Ұйымшылдыққа шақыру. (еңбекке баулу) 3.Қимылды ойын: «Соқыртеке» Мақсаты: Ойын ережесін түсініп ойнауға шақыру, рөлде орындаушылық қабілеттерін қалыптастыру. Ұйымшылдыққа, достыққа шақыру. 4. Жеке жұмыс: Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Димаш пен Аян 5. Еркін ойындар (физикалық қасиеттерді дамыту)

Серуеннен оралу	Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Мақсаты: тамақтанар алдында,ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: шешінуді, киімдерді жинауды жетілдіру. (мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын- физикалық қасиеттерді дамыту)	
Түскі ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Мақсаты:тамақтанар алдында, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау,майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. (мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру- физикалық қасиеттерді дамыту)	
Күндізгі ұйқы	Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Мақсаты: ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, тыңдауға қызығушылыққа баулу. (салауатты өмір салтын қалыптастыру-физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту)	
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Мақсаты: баланың денсаулығын сақтау және нығайту, денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, қимыл-қозғалыс тәжірибесін байыту. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. 1.Мұрнымен жәй дем алу, дем шығару. 2.Мұрнының бір қырын басып тұрып, екінші жағымен тыныс алу, шығару (кезектесе) 3.Екі мұрнымен тез дем алу, дем шығару. 4.Мұрнымен үзік-үзік дем алу, дем шығару. 5.Жәй дем алу, дем шығару. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін жаттығу Арнайы кілемше үстімен жалаң аяқ жүру. (сауықтыру-шынықтыру шаралары-физикалық қасиеттерді дамыту)	
Бесін ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Мақсаты: тамақтану әдебін сақтау, тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. (мәдени-гигиеналық дағдылар жетілдіру- физикалық қасиеттерді дамыту)	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Көктемгі ағаштар» Мақсаты: Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды киюді үйрету. Композицияны құрастыру ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. (қоршаған ортамен таныстыру-элеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру ,қазақ тілі***-коммуникативтік дағдыларды дамыту,жапсыру- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)	«Жәндіктер» Мақсаты: балалардың жәндіктердің тіршілігі, олардың сыртқы ерекшеліктерімен сипаттық белгілері туралы білімдерін кеңейту. Жәндіктер түрлерімен таныстыру, олардың пайдасы туралы мәлімет беру, жәндіктерді қорғап, оларға қамқор болуға баулу. (элеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)
Балалармен жеке жұмыс	«Өз туынды тап» Мақсаты: өз Отанын – Қазақстан Республикасын мақтан тұту. Айару мен Айзере (элеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)	«Сикырлы гүлдер» Мақсаты:сурет салуда әртүрлі түстерді қолданады, көп түске назар аудару. Жанарыс пен Тамерлан (шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)
Серуенге дайындық	Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Мақсаты: өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну, суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну. (мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру-физикалық қасиеттерді дамыту)	
Серуен	1.Көктемгі өзгерісті бақылау Мақсаты: Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылау, әңгімелеу; (қардың еруі, суға айналуы; жердің балшық болуы, күннің жылынуы) (қарым-қатынас әрекеті) (элеуметтік-эмоционалды дағдыларды	1. Адамдарды бақылау Мақсаты: Көктем мезгіліне байланысты адамдардың жеңіл киім киінетініне назар аудару. Сөздік қорын диалогтік байланыста дамыту. (қарым-қатынас әрекеті)

	қалыптастыру) 2.Еңбек: шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау. (еңбекке баулу) 3.Қимылды ойын: «Күн мен түн» Мақсаты: қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. 4.Жеке жұмыс: Мақсаты: қоршаған ортадағы табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Райан мен Айзере 5.Еркін ойындар. (дене шынықтыру**-физикалық қасиеттерді дамыту)	(әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру) 2.Еңбек: Ойын алаңын қалдық қардан тазарту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. (еңбекке баулу әрекеті). 3.Қимылды ойын: «Мені қуып жет» Мақсаты: Ойында шапшаңдыққа, ептілікке, достыққа, бірлесіп ойнауға үйрету. 4.Жеке жұмыс: Мақсаты: Жыл мезгілінің ерекшелігін әңгімелету, жаттаған тақпақтарды қайталату. Мадияр мен Сулейман 5.Еркін ойындар (дене шынықтыру**- физикалық қасиеттерді дамыту)
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Мақсаты: өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. (өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары- физикалық қасиеттерді дамыту)	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Түстерін дұрыс тап» Мақсаты: заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою ережелерін сақтау. (сурет салу-құрастыру- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)	«Әдемі мұнаралар» Мақсаты: Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолдану. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды киюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. (мұнара) (математика негіздері- танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту, жапсыру – сурет салу шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)
Балалардың үйге қайтуы	Қимылды ойын: «Соқыртеке» Мақсаты: сөздік ойынды шарты бойынша бірлесіп, түсініп, достық-қатынаста ойнауға шақыру. (дене шынықтыру**- физикалық қасиеттерді дамыту)	Қимылды ойын: «Мені қуып жет» Мақсаты: Ойында шапшаңдыққа, ептілікке, достыққа, бірлесіп ойнауға үйрету. (дене шынықтыру**- физикалық қасиеттерді дамыту)

Циклограмманы толтырған тәрбиеші :Хайрулина.Г